# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 05 желтоқсан №7119-25-00-2/13428 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» атынан Туранский Никита Петрович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «WESTGROUP» атынан Туранский Никита Петровичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» атынан Туранский Никита Петрович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» атынан Туранский Никита Петровичтен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 194 (бір

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 05.12.2025
Дата вступления в законную силу: 13.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 13.01.2026
7119-25-3-1/13550

мың бір жүз тоқсан төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 36 (отыз алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» атынан Туранский Никита Петровичтен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья**

**Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 05.12.2025

Дата вступления в законную силу: 13.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 13.01.2026